



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

### MYSYRLYQ TANYM коллекциялық монеталарын айналысқа шығару туралы

Астана қ.

2025 жылғы 01 желтоқсан

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) «Жаратылыс сырлары» монеталар сериясынан **MYSYRLYQ TANYM** коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады.

Монеталар **2025 жылғы 3 желтоқсаннан бастап** ҚҰБ-тың <https://kazcoins.nationalbank.kz> интернет-дүкені арқылы сатылады.

### Коллекциялық монеталар туралы

**MYSYRLYQ TANYM** монетасының дизайны ежелгі Мысыр мен қазіргі заманғы дүниетанымды біріктіреді. Монетаның тантал бөлігінде – Мысыр құдайлары, күміс бөлігінде – технология символдары мен олардың трансформациясы бейнеленген.

Бірнеше құрамнан тұратын **MYSYRLYQ TANYM** коллекциялық монетасында күрделі технология қолданылған. 925 сынамалы күмістен жасалған монетаның тантал қондырмасы бар. Монетаның жалпы массасы – 162,2 грамм, дайындау сапасы – «proof», номиналы – 2000 теңгелік, дайындау таралымы – 400 (төрт жүз) дана.

### MYSYRLYQ TANYM монетасының бейнесі



Коллекциялық монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өздерінің белгіленген құнына сай төлемдердің барлық түрі бойынша қабылдануға, сондай-ақ елдің барлық банкінде банк шоттарына есепке алынуға, аударуға, ұсақталуға және айырбасталуға жатады.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалды.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)